

Уржар аудандық мәслихатының 2014 жылғы 15 сәуірдегі № 24-253/V "Әлеуметтік көмек көрсетудің, мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Уржар аудандық мәслихатының 2015 жылғы 13 наурыздағы № 31-354/V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 06 сәуірде № 3837 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Уржар аудандық мәслихатының 20 қыркүйектегі № 5-113/VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 22 қыркүйекте № 124-18 болып тіркелді.

**Ескеरту. Күші жойылды - Абай облысы Уржар аудандық мәслихатының 20.09.2023 № 5-113/VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 2-3 тармағына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы №504 қаулысына сәйкес, Уржар аудандық мәслихаты **ШЕШІТІ:**

1. Уржар аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 15 сәуіріндегі № 24-253/V "Әлеуметтік көмек көрсетудің, мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 3325 нөмірімен тіркелген, "Пульс времени/Уақыт тынысы" газетінің 2014 жылдың 05 маусымында 68-69 нөмірінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

Әлеуметтік көмек көрсетудің, мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларында:

9 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"9. Элеуметтік көмек, өкпе ауруына қарсы диспансердің тізіміне сәйкес, әлеуметтік мәні бар аурулары және айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулары бар адамдарға кірісін есепке алмай, тоқсан сайын 27 000 теңге көлемінде көрсетіледі.

Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындаиды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

Әлеуметтік көмектін шекті мөлшері 100 (жұз) айлық есептік көрсетікішті құрайды.";

10 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"10. Атаулы құндер мен мереке құндеріне бірреттік әлеуметтік көмек азаматтардың мынадай санаттарына көрсетіледі:

1) Ауганстан аумағынан әскерлерді шығару күні интернационалист – жауынгерлерді еске алу күні-15 ақпан:

- басқа мемлекеттердің аумақтарында ұрыс қымылдарға қатысуышыларға- 71 550 теңге;

-Ауганстанда немесе әскери іс-қымылдар жүргізілген басқа мемлекеттерде қызмет атқару кезінде жаралану, контузия алуы немесе мертігуі салдарынан мүгедек болып қаза тапқан (хабарсыз кеткен) әскерилер жанұяларына – 60 000 теңге;

2) Халықаралық әйелдер күні - 8 наурыз:

- "Алтын алқа" алқасымен, I және II дәрежелі "Ана данқы" ордендерімен марапатталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған көпбалалы аналарға-10 000 теңге;

- "Күміс алқа" алқасымен марапатталған көп балалы аналарға- 10 000 теңге;

- төрт және одан аса бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасыларға -10 000 теңге;

3) Халықаралық радиациалық авариялар мен апаттар құрбандарын еске алу күні -26 сәуір:

-1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың, сондай ақ азаматтың немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқада радиациялық апаттар мен аварияладың зардалтарын жоюға қатысқа сондай ақ ядролық сынақтармен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдарға -60 000 теңге;

4) Қазақстан халқының бірлігі мерекесі-1 мамыр:

– мүгедек балаларға -10 000 теңге;

5) Женіс күні – 9 мамыр:

-Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысуышыларына -160 000 теңге;

-қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек

өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелді қалаларда Ұлы Отан соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары – 130 000 теңге;

- Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы Армия құрамына кірген әскери бөлімдерде штабтарда мекемелерде штаттық қызмет атқарған кеңес армиясының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамының адамдары не тиісті кезеңдерде қорғанысына қатысуы майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген женілдік шарттары мен зейнетақы тағайындау үшін еңбек сінірген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген қалаларда болған адамдарға – 70 000 теңге;

- Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк баласы (тәрбиеленушісі) және теңізші бала ретінде болғандарға - 70 000 теңге;

- екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шетелдердің аумағында фашистік Германия мен оның одақтастарына қарсы ұрыс қимылдарына партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да антифашистік құрамалар құрамында қатысқан адамдар – 70 000 теңге;

- қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтарға - 30 000 теңге;

- екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұсташа орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары – 30 000 теңге;

- Ұлы Отан соғысы жылдары қайта некеде болмаған, қаза тапқан әскерилер (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жесірлеріне - 30 000 теңге;

- соғыста қаза болған мүгедектер жұбайларына - 25 000 теңге;

- Ұлы Отан соғысы жылдары тылдағы мінсіз әскери қызметі мен жанқиярлық еңбегі үшін бұрынғы КСР Одағы медалімен және орденімен марапатталғандарға – 25 000 теңге;

- Ұлы Отан соғысы жылдары 1941 жылдың 22 маусымынан 1945 жылдың 9 мамырына дейін 6 айдан кем емес уақыт жұмыс істеген (әскерде болған) адамдарға – 5 000 теңге;

- женілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдар – 24 000 теңге.".

2.Осы шешім олар алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрагасы  
Үржар аудандық  
мәслихатының хатшысы*

*M.Арсанукаев  
M.Бітімбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК